


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М. Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э. Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы: Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

Әдебиеттер

1. Ғылымдағы ғұмыр: ана тілі және түркі әлемі. Жауапты редактор – Э.Өтебаева. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 420 бет.
2. Қар жайлы не білесіз? 101 түрлі қар атын атап бере аласыз ба? <https://den-der.kz/zhanalyqtar/audan-tynysy/k-ar-zhajly-ne-bilesiz-101-turli-k-ar-atyn-atap-bere-alasyz-ba.html>
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
4. Қайдар Әбдуәли. Қазақтар ана тілі әлемінде : этнолингвистикалық сөздік / Ә.Қайдар. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 608 бет.
5. Құралұлы А. Жер, табиғат, аспан әлеміне байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 64 бет.
6. Кейкин Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы: Өлке, 2000. – 256 б.
7. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1997. 464 – бет.

Б. Әбдуәлиұлы

*филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан, Астана қ.*

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ТЕРМИНДЕНУ ҮДЕРІСІ

А.Байтұрсынұлы өзінің ғылыми еңбектерінде терминдердің біртұтас жүйесін жасап, артына өшпес із қалдырғаны белгілі. Әсіресе тіл білімі мен әдебиет теориясы бойынша қалыптастырған терминдерінің орны аса үлкен. Бұл бағытта жазылған зерттеулерде ғалым еңбектерінің орны туралы жан-жақты айтылып келеді. А.Байтұрсынұлы зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында жаңа терминдерді жасап, қолданып қана қоймай, көркем әрі танымдық шығармаларында сөздердің терминденуіне немесе терминдік сипат алуына жол ашып отырады. Ұлттық терминдердің қалыптасуы үшін бұл аса маңызды құбылыс. Өткен ғасыр басында қазақ зиялыларының еңбектерінен кейін салалық терминдердің қалыптаса бастағаны белгілі. Ауызша жеткен қазақ әдеби тілінің осы тұста жаңаша тынысы ашылып, түрлі салаларға бейімделе бастады. Бұл үдерістің ары қарай дамуына осы кезде жаппай жарық көре бастаған публицистикалық шығармалар мен ғылыми зерттеу еңбектерінің тілі орасан зор ықпал еткен болатын. Соның ішінде ұлы ойшыл Аханның еңбектерінің орны ерекше еді. Сөздерді термин ретінде қолданудан бұрын ұлттық ұғымдарды қалыптастыру бағытында да біршама жұмыстар жүргізді. Тіл табиғатына тән ерекшеліктердің бірі – сол тілде сөйлейтін адамдар саны неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым нормалануға бейім тұрады. Сол секілді тілдегі сөз, пайда болып жатқан салалардың бірінде қолданылып, өзіне жаңа бір ұғымды жүктеп, сол жағдайында жалпыхалықтық сипатқа ие болса, оның терминдену мүмкіндігі де арта түседі. А.Байтұрсынұлы осы құбылысқа баса назар аударады, олай дейтініміз, оның кейбір шығармаларының тілінен арнайы осы мақсатты көздей отырып жазылғанын байқаймыз. Біршама сөздер әрі терминдік сипатымен де ерекшеленеді. Лексикалық бірліктерді белгілі бір бағытқа қарай топтастыра қолдану ыңғайы, екінші жағынан мәтіннің жүйелі құрылымы көрініс береді.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін лексика-семантикалық тұрғыдан зерделегенде арнайы тақырыптық топтар өзіне назар аударады. Танымдық мақсатта жазылған мәтіндерінде баяндау, сипаттау, талдау т.б. әдістерге сүйене отырып, барынша қарапайым (қарабайыр емес), көпшілікке түсінікті әрі ұлттық сипатта болуына баса мән береді. Сондай мәтіндердің бір парасы жануарлар турасында. Қазақ халқының жандықтар туралы түсінігін жаңа ақпараттармен байыта отырып, «Оқу құралы» атты еңбегінде бірнеше мәтін береді және оны тақырыптары бойынша жинақтап, «жандықтар» ұғымының аясына топтастырады. Мақала көлемінде мәтіндер тілінің біртұтас зоологиялық семантикаға құрылғанын ескере отырып, біз

мынандай екі ерекшелігіне тоқталмақпыз: бірі – ғылыми жүйеленуі мен ұғым-түсінік атауларының бойында болып жатқан терминдену үдерісінің көрінісі; екіншісі – жануарларға байланысты сөздердің топтастырылуы. Ахаң біршама сөздердің басын құрап, зоологиялық лексика ретінде танылуына мүмкіндік тудырып, осы тақырып аясына топтастырған.

Жануарлар туралы мәтіндердің құрылымы жүйелілігімен ерекшеленеді, осы арқылы оның тілі де ғылыми сипатқа ие болады. Осы ерекшелікті анық байқау үшін мына бір қысқаша мәтінге тоқталып көрелік: «Дүниедегі жандықтардың бәрі тапқа бөлінеді: **хайуан, құс, балық, бақа-шаян, құрт-құмырсқа**. Хайуандар баласын тірі тауып, сүтімен асырайды. Мәселен, мал мен аңдар сияқтылар. Құстар баласын тірі де таппайды, сүтімен де асырамайды. Олар жұмыртқа салады, жұмыртқадан басып балапан шығарады. Балықтар баласын тірі таппайды да, жұмыртқа салып баспайды да, тек уылдырық шашады, судан тысқары жерде тұра алмайды. Бақа-шаяндар суда да тұра алады, құрда да тұра алады, құсша жұмыртқа салатындары да болады, балықша уылдырық шашатындары да болады, құрт-құмырсқа дегеніміз – ұсақ мақлұқтар, олардың белгісі сол – бәрі сүйексіз болады, мәселен: көбелек, құрт, қоңыз сияқтылар» (*Жандықтар*) [32 б.]. Осы мәтіндегі ұғым түсініктерді құрылымдайтын болсақ, былай болып шығады:

Жандықтар

хайуан

құс

балық

бақа-шаян

құрт-құмырсқа

Жандықтарды осылайша топтастыру арқылы бір ерекшелігін көрсетсе, қоректенулеріне қарай «ет қоректілер», «шөп қоректілер» және «ет, шөп қоректілер» деп үшке бөліп, ол топқа жататын түрлерін атайды. Мәтін құрылымындағы осы жүйелілік оның ғылыми сипатын арттырып, соның нәтижесінде жандықтардың атаулары мен қоректену бойынша топтардың атаулары терминдік мәнге болып отыр. Бұл орайда ғалымның термин жасау ізденісіндегі, қазіргі терминология ғылымында назарға алынып жүрген ұғымдардың *терминделуі* мен термин ретінде таңдалған сөздің *терминденуі* үдерістері көрініс береді. Терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы қазақ терминологиясы туралы зерттеулерінде «Ұғымның терминделуі мен сөздің терминденуі нәтижесінде термин туындайды. Терминделуді терминдену процесінің ұғымы тұрғысынан қарағандағы екінші жағы деп түсінген жөн. Алайда терминологияда ең бастысы ұғым болғандықтан ұғым белгілі болмай тұрып, оны сөзбен белгілеудің қажеттілігі де болмайды. Яғни, терминделуші ұғым айқындалмаған болса, сөздің терминденуіне де негіз жоқ. Терминделу негізінде термин-ұғым, терминдену негізінде термин-сөз пайда болады да екеуінің бірлігінен термин жасалады», – деп түсіндіреді [2, 26 б.]. Жандықтар тобында берілген мәтіндер ғылыми сипаттау мен баяндаулардан тұрады әрі осы барыста мәтін құрамындағы зоологиялық лексика терминделу мен терминдену құбылыстарын басынан кешіріп отырады. Әрқайсысының тұқымы мен туыстары, өсуі мен көбеюі, өмір сүру ортасы, дене қалпы туралы жүйелі ақпараттар беріледі. Жандықтарды туыстығы жағынан *тағы* және *үйір* деп екіге бөліп, қолға үйір болған түрлерін сипаттау барысында тағы туыстарын да көрсете кетеді. Жекелеген мәтіндерде қой, ешкі, түйе, жылқы, сиыр мысық, ит, бұғы туралы да баяндайды, олардың табиғаты және адамға пайдасы мен зияны туралы ақпараттар беріледі. А.Байтұрсынұлының жандықтар туралы жазбаларында «*ғылыми мәтін → айқындалған ұғым → ұғымға берілген атау*» сатылары көрініс береді. Оны былайша жүйелеуге болады:

Мәтін: «Мақлұқтардың ішінде шөп қоректісі де, ет қоректісі де, ет, шөп қоректісі де бар. Шөп қоректілері жердің түгін тамақ қылады, мәселен: түйе, жылқы, киік сықылдылар. Ет қоректілер мақлұқтардың етін тамақ қылады. Мәселен, қасқыр, түлкі сияқтылар. Ет, шөп қоректілер жердің түгін, мақлұқтардың етін, екеуін де тамақ қылады, мәселен доңыз» (*Жандықтар*).

Айқындалған ұғым: жануарларды қорегіне қарай топтастыру.

Ұғымға берілген атау: «шөп қоректілер», «ет қоректілер», «ет, шөп қоректілер».

А.Байтұрсынұлы өзінің кез келген ізденістерінің нәтижесін халықтың керегіне жарату мақсатын көздегені баршаға белгілі жайт. Бұл идеяның кейбір ұшқындары осы жерде де көрініс береді. Мысалы, мәтіндердің ораналсуы бізді мынандай ойға жетеледі: «Қой» мен «Ешкіден» кейін «Қара шекпен мен қой» мәтіні беріледі, бірі ғылыми тілде жазылса, екіншісі көркем тілде. Сол секілді «Жылқыдан» кейін «Аттың сыны», «Мысықтан» кейін «Қасқыр мен мысық» мәтіндерін «осындағы сөздердің қолданысына оқырман мән берсін деген оймен арнайы ұсынған», – деп шамаладық.

Терминделу мен терминдену үдерісінің тағы бір мысалы ретінде А.Байтұрсынұлының қолданысындағы «жандық» сөзінің мағынасына тоқтала кетуге болады. Қазақ тілінің түсіндірме және аймақтық сөздіктерінде бұл сөзге «1. Ұсақ мал, ешкі; 2. Саулық қой» деген түсінік беріледі [3, 234 б.; 4, 746 б.]. Ал А.Байтұрсынұлы жандылар тобына жататын өсімдік пен адамнан өзге көзге көрінетін тіршілік иелерінің барлығына ортақ атау ретінде осы сөзді қолданады, оларды осы атаудың аясына жинақтайды. Қазақтың тілінде бұрыннан бар сөздің мүмкіндігін ашып, жаңаша қолданысқа пайдаланады. Сөздің мүмкіндігі дегенде құрамындағы түбір мен қосымшаға мән береміз: «жан» түбірі мен «-дық» қосымшасы біріккенде «жанды тіршілік иелеріне тән» және «жанды тіршілік иелері» деген сындық әрі заттық мағыналар шығады. Мысалы, жақсы-лық, дала-лық, қала-лық сөздерінің құрамындағы -лық қосымшасы белгілі бір заттың немесе құбылыстың жалпы адамға, далаға, қалаға тән екенін немесе осылардың өзін білдіреді. Сөздің құрамындағы қосымшаның осы мағынасын негізге ала отырып, терминдік сипат беріп, ғылым тілінің элементіне айналдырады. Ахаңның қолданысы тұрғысынан алып қарар болсақ, ғылым тілінде өзара жақын әрі бір-бірінен айырмашылығы бар «жандылар (жансыздар), жануар, жандық, жәндік» терминдері шығады. Қазіргі тілімізде *жандық* орнына *жануар* термині қолданылып жүр (**Жануар** зат. зоол. <грек. animalia> 1. *Тірі ағзалар дүниесіндегі екі топтың бірі (екіншісі – өсімдіктер); жүруге және сезінуге бейім тіршілік иесі* [5, 746 б.]. Дәстүрлі қолданыста «жануар» сөзі үй жануарлары мен жабайы жануарларға ғана қолданылған. Ал барлық тіршілік иелерінің жалпы атауы ретінде қолдану кейіннен, қосымша мағына үстеу арқылы пайда болған, яғни жасанды сөз. Жинақтай айтсақ, А.Байтұрсынұлының қолданысы бойынша жалғасса, «жандықтар» деп «*Тірі ағзалар дүниесіндегі екі топтың бірін (екіншісі – өсімдіктер)*» алар едік те, «жануарлар» мен «жәндіктер» өзіндік мән-мағынасы бар терминдер ретінде қалыптасар еді. Өйткені қазақ ешқашан жәндіктерді жануарлар тобына қоспаған, олардың жануарлар және жәндіктер деген өз атаулары бар еді. Ал А.Байтұрсынұлы «жандықтар» деген атауды арнайы өз мағынасында қолданады, олардың құрамына «құрт-құмырсқа, бақа-шаян» сөздерін енгізгенде, ұлттық тілдің ерекшеліктерін ескергені байқалады. «Жандық» сөзімен қатар мәтіндерде *хайуан, құс, балық, бақа-шаян, құрт-құмырсқа* т.б. белгілі бір түрдің біріктіруші, топтастырушы атауы ретінде терминдік сипатта көрінеді.

«Жандықтар» топтамасындағы (БӨ) мәтіндердің мазмұны қазақтың тұрмысымен, шаруашылығымен байланыстырылған. Халықтың жануартану әлеміне қатысты қолданған сөздерін ғылыми мәтін элементтеріне айналдырады. Малдың тұқымы мен түрлері, пайдасы мен маңызы т.б. туралы баяндайды. Осы мәтіндерді лексика-семантикалық тұрғыдан зерделегенде, жалпылай «жандықтың түрлері мен тұқымдарына қатысты лексика» және «мал өнімдеріне қатысты лексика» деп топтастыруға болады:

Жандықтың түрлері мен тұқымдары. Түрлері: шөп қоректілер, ет қоректілер, ет, шөп қоректілер. *Шөп қоректілер:* түйе, жылқы, киік; *ет қоректілер:* қасқыр, түлкі, ит, мысық; *ет, шөп қоректілер:* аю, доңыз. **Тұқымдары:** *Қой* (қысқа құйрықты), *сарық* (ұзын құйрықты), майлы құйрықты, майсыз құйрықты (екі тұқымда да бар), меринос, қаракөл (қаракөл сарығы, майда жүн сарық). Жабайы тұқымы – арқар.

Ешкі: анғар (ангор), кәшмер (кашмир), мамбир (қазақ ешкісі). Жабайы тұқымы – тау ешкі.

Түйе: айыр өркеш, жалғыз өркеш (нар); нар, қоспақ (кей жерлерде жақсы қоспақты «кұрт» деп атайды), аруана; күйісті, айыр тұяқты, көн табан, .

Жылқы: дөңгелек тұяқты, монғол жылқысы, арий жылқысы, орман жылқысы. *Монғол жылқысынан шыққан* қазақ, қалмақ, башқұрт, қара байыр, қашқар, забайқал, дон жылқыларының тұқымы. *Арий жылқысынан шыққан* араб, иран, түрік, түрікпен, серкеш, ағылшын жылқыларының тұқымы. *Орман жылқысынан шыққан* Арден, Бұлан, Шерширун, Белгия, Дания, Голландия жылқыларының тұқымы.

Жылқымен тұқымдас үй хайуандарынан есек, қашыр, қыр хайуандарынан құлан, зебр сықылдылар

Сиыр: қазақы сиыр, қалмақы сиыр, гетманский, шотгурын, деуін, шеркаский және зебу (өркешті өгіз – Үндістандағы сиырға жақын аталас хайуан) және зубр, буйбұл (адамға үйір болмаған тағы өгіздер), көлік, сауын, күйісті, айыр тұяқты т.б.

Мысық: Мысықпен тұқымдас аңдар, олардың ішінде қазақ білетіндері барыс, жолбарыс, арыстан, қазақ білмейтіндері ягуар, леопард, пума.

Ит: тазы, төбет, дөрекі. Итпен тұқымдас тағы күйде қалған қорқау қасқыр, шақал, түлкі, қарсақ. Иттің түгіне қарай сипатын білдіретін сөздер: жантаық, ашаң, жүндес, тазғыр.

А.Байтұрсынұлы қолданысындағы **мал өнімдеріне қатысты лексика**

Жүн, түбіт, қылыш, тері, елтірі, ет, май, сүт, сүйек, мүйіз, табан, тұяқ т.б.

Жүн – киіз (басылады), шекпен, қап, мата, шұға, кілем, бау-шу (тоқылады), күпі (істеледі), арқан, жіп (есіледі).

Сүт – ірімшік, құрт, май, сүзбе, шұбат, қымыз қаймақ т.б.

Май – нан (пісіріледі), сабын, шам (зауыттарында ұсталады), балауыз шам т.б.

Табан (түйенің) – түйме, тарақ, оқшантай (жасалады), желім қайнатылады.

Түбіт – бөкебай, шәлі, қолғап.

Тері – жарғақтар, былғары, ұлтан, мес, тон, бөрік, қайыс, қалың қайыс, таспа, көн, ыдыс т.б.

Тұяқ – түйме, желім (қайнатылады).

Мүйізі – пышақ сап, шақша, тарақ, түйме т.б.

Сүйек – сабын, қант (зауыттарында ұсталады), жер тыйландыру т.б.

Танымдық мәтіндердің тілдік табиғаты бойынша алғанда А.Байтұрсынұлы қолданысындағы «жандықтарға» қатысты лексикалық қор туралы «қазақтың жануартану әлемімен сабақтастықта алынып, жаңа заман кәсібіне лайықтау идеясы бойынша жинақталған», – деген болжам жасауға болады. Экономиканың дамуымен бірге жаңа салалардың ашылуы және оның ішкі мазмұнының айқындалуы өзімен бірге тілдің де дамуына ықпал етеді. Өмірдің сол кездегі жаңа салалары тілінің қазақша шығуына Ахаң үлкен еңбек сіңірді. Осы орайда тілдің табиғатына тән даму заңдылықтарының бірі – оның құрамындағы әрбір элементтің норма ретінде қабылдануы, яғни жалпыхалықтық сипат алуы, жалпыхалықтық қолданыстан терминдік сатыға көшуі екенін атап өту орынды. Ал А.Байтұрсынұлы тіліміздің лексикалық қорында бар байырғы сөздерді пайдалана отырып, қазақ жануартану ілімінің тілін жаңа заманға лайықтау үшін осы сатылардан алып өтеді. Бұл тілді қолданыс үстінде дамыту болып табылады, яғни тіл білімінің қолданбалық және практикалық негізі. Ғылым мен білім дамыған ХХІ ғасыр биігінде әр саланың өз мамандары мен мамандығына қоса, өзінің ұлттық тілінің болуы да аса маңызды, сонда ғана экономика ұлттық сипатта өрбімек. Өкінішке қарай бұл салада арнайы қолға алынған зерттеулер әлі қанатын кеңге жая алмай келеді. Ал осы мәселенің өзектілігін ескеріп, өткен ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы оның алғашқы негіздерін қалаған еді.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. – Алматы: «Елшежіре». – 2013. Т. II: –384 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы, 2014. – 952 бет.
3. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: «Арыс», 2005. – 824 бет.

4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: «Дәуір», 2011. – 752 бет.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі 6-том. – Алматы: «Дәуір», 2011. – 752 бет.

Қ.Т. Бибеков

*филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің кафедра меңг.,
Қазақстан, Астана қ.*

Аннотация. В статье рассматриваются особенности языка произведений Абая и его отличие от языка произведений устного народного творчества. На основе научных воззрений ученых анализируется характер стихов Абая как эстетико-стилистического контекста. Показана научная значимость работ академика Р. Сыздык в изучении языка произведений Абая, проблемы текстообразования.

Abstract. The article examines the features of the language of Abai's works and its difference from the language of works of oral folk art. Based on the scientific views of scientists, the nature of Abai's poems as an aesthetic and stylistic context is analyzed. The scientific significance of the works of Academician R. Syzdyk in the study of the language of Abai's works, the problems of text formation is shown.

Абай көркем өнер ретінде поэзия қандай болу керек деген мәселені де өз өлеңдерінде жеріне жеткізе айтып кетеді. Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» сияқты туындыларын көркем шығарма ретінде ғана емес, өлең сөздің теориясы деп тануға әбден болады.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.

Осы жолдарда өлеңнің көркемдігіне, тіліне қойылатын негізгі талаптар айтылған. Ақынның «Теп-тегіс жұмыр келсін» деп отырғаны өлең мәтінінің өлшемге сай құрылуы ғана емес, құрылымдық жақтан да, мағыналық жақтан да тілдік құралдардың өзара үндесіп, үйлесіп, шашау шықпай, жұмырланып, тұтасып тұруы екені күмәнсіз. Абай әсіресе өлеңнің «Бөтен сөзбен былғануын» кешірмейді. Бұл айтылған жайлар мәтін түзу мәселесімен тікелей байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөз аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адам шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адам болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік,»[1,217б] – деп, Абай тілінің өз дәуірінде басқа ақындар тілінен түбегейлі ерекшелігі болғанын атап көрсетеді.

Осы ретте профессор Құдайберген Жұбановтың: «Қазақ әдебиетін ауыз әдебиеті дәрежесінен шығарып, неше мың жылдай көңігіп, етке, қанға сіңіп болған ескі ауыз әдебиет дағдысынан құтқарған адам – Абай. Ескі ауыз әдебиетіндегі артық қыстырмалардан алғаш тазартқан да Абай.

Абай сынаған “қазақтың ұзын сөзділігі”, “ескі бидің сөз қосарлап, бос мақалдайтындығы”, “ескі ақынның жоқтан қармап, көр-жерді өлең қылатындығы” дегендер – осы басы артық, қыстырынды әңгімелер болатын. Абай сөзінің “қиюынан қыл өтпейтін” ықшам, тығыз болатыны да осы басы артықтан аман болғаннан келетін-ді,»[2,267б] – деген пікірін елеусіз қалдыруға болмайды. Ғалым жазба әдебиетінің негізін салушы ретіндегі Абай